

Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 16 қыркүйектегі № 316 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 қыркүйекте № 6168 болып тіркелді

3КАИ-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 17-10) тармақшасына, Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 280 бүйрығымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларының 2-тармағына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19123 болып тіркелген) сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырган Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидалары бекітілсін.
2. Кәсіпкерлік және индустримальық-инновациялық даму басқармасы:
 - 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
 - 3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
 - 4) осы қаулының облыстың қалалары мен аудандарының жергілікті атқарушы органдарының назарына жеткізілуін қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының
әкімі

Д. Ахметов

Шығыс
Қазақстан облысы әкімдігінің
2019 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 316 қаулысымен бекітілген

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін Шығыс Қазақстан облысында іске асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "АгроОнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 2-тармағының 17-10) тармақшасына, Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 280 бүйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19123 болып тіркелген) Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларының (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) 2-тармағына сәйкес әзірленген және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың тәртібін айқындауды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 10.02.2025 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қоры – облыс аумағында аграрлық азық-түлік нарығына реттеушілік әсер ету және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылған азық-түлік тауарларының жедел қоры;

2) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту – азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды өткізу немесе жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылдың жаңа егінінен дәл сондай көлемдегі азық-түлік тауарларын кейін жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды қайтару;

3) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын пайдалану – тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту мақсатында азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу;

4) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру – сатып алу интервенциялары, азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына азық-түлік тауарларын орналастыру және сақтау;

5) алып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 15.07.2024 № 184 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5-1) ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (бұдан әрі – ауылшартауарынөндіруші) – ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын жеке немесе заңды тұлға;

6) алып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 15.07.2024 № 184 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) сатып алу интервенциялары – облыстардың аумағында бағалар төмендеген кезде, Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмалары шенберінде мамандандырылған ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алуы жөніндегі іс-шаралар;

8) тауар интервенциялары – бағалар өскен кезде ішкі нарықты тұрақтандыру мақсатында жүзеге асырылатын, азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларынан ішкі нарықта азық-түлік тауарларын өткізу жөніндегі іс-шаралар;

8-1) тіркелген баға – өндіруге, сақтауға, табиғи кемуге (кебуге), межелі орынға дейін жеткізуге кеткен шығындарды, сондай-ақ өнімнің өзіндік құнының 10 (он) пайызынан аспайтын маржалық табысты ескере отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының бағасы;

8-2) форвард – сатып алушы (немесе сатушы) болашақта келісілген шарттармен базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгілі бір мерзімі өткеннен кейін өзіне міндеттеме алатын туынды қаржы қурабы;

9) алып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 15.07.2024 № 184 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

10) алып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 15.07.2024 № 184 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) шекті сауда үстемесі – ішкі сауда субъектілерінің түпкілікті тұтынуышыларға азық-түлік тауарларын өткізуі кезінде бағаны айқындау үшін қалыптастырылатын сауда үстемесі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 17.08.2020 № 285 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.07.2024 № 184 қаулыларымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктері осы қағидаларға сәйкес іске асырылады.

4. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің тиімді және уақтылы қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімі Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру

тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады және оның құрамын бекітеді.

5. Комиссия төрағасы агроОнеркесіптік кешен мәселелеріне жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасары болып табылады, Комиссия мүшелері Шығыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустримальық-инновациялық даму және ауыл шаруашылығы басқармаларының қызметкерлері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері болып табылады. Комиссия өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінкүнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Комиссияның сандық құрамы тақ болуы және кемінде тоғыз адамнан тұруы тиіс. Бұл ретте комиссия мүшелерінің үштен екісі жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері болуы тиіс. Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды.

7. Комиссияның құзыретіне мыналар жатады:

- 1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шешім қабылдау;
- 2) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын құру және пайдалану тетігін іске асыру мақсатында азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін анықтау;
- 3) осы Қағидаларға сәйкес кәсіпкерлік субъектісін және қарыз беру үшін шарттарды айқындау;
- 4) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесін анықтау бойынша мамандандырылған ұйымдардың ұсыныстарын қарау.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Комиссияның жұмысын құруды және ұйымдастыруды Шығыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы қамтамасыз етеді.

9. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін облыстың жергілікті атқарушы органды әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шарт жасасу жолымен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 17.08.2020 № 285 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

9-1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі үш жылдық кезеңге облыстың жергілікті атқарушы органы мамандандырылған үйыммен тұрақтандыру қорының заттай және ақшалай мәндегі өтпелі активтері туралы міндеттемелері көрсетілген қосымша келісім жасасады.

Тұрақтандыру қоры таратылған жағдайда, мамандандырылған үйым азық-түлік тауарларын сатып алу үшін пайдаланылған бюджет қаражатының жергілікті бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етеді.

Егер мамандандырылған үйымның шешімі бойынша азық-түлік тауарларын өткізу сатып алу бағасынан төмен баға бойынша жүзеге асырылса, онда соманың қайтарылуы сатып алу және өткізу бағаларының айырмасын шегере отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалар 9-1 тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 17.08.2020 № 285 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

9-2. Мамандандырылған үйымның тұрақтандыру қорын пайдалану кезінде туындаған үстеме, коммуналдық және басқа да шығыстары жыл сайын азық-түлік тауарларының белгіленген және нарықтық бағалары арасындағы айырма есебінен жабылады.

Ескерту. 9-2 тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған үйымдардың (бұдан әрі – мамандандырылған үйым) тізбесін "Агроенеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4-1) тармақшасына сәйкес агроенеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 10.02.2025 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

11. Мамандандырылған үйым облыстың жергілікті атқарушы органына электрондық құжат айналымы, пошта байланысы арқылы не облыстың жергілікті атқарушы органының кеңессі арқылы қолма-қол осы Үлгілік қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпаратты ұсынады.

Облыстың жергілікті атқарушы органды Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы, Сауда және интеграция министрліктеріне электрондық құжат айналымы арқылы осы Үлгілік қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 10.02.2025 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

12. Шығыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы әр апта сайын Шығыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық даму басқармасына ұсынуымен, аймақта өндірілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының көтерме бағаларын үнемі қадағалап отырады.

13. Шығыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы ай сайын шілдеден қыркүйекке дейін (3 ай) мамандандырылған ұйымға, Шығыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық даму басқармасына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына әсер ететін өсімдік шаруашылығы дақылдарының болжамды түсімділігі, нақты егін бойынша (қараша, қантар), жылына екі рет (қантар, шілде) мал саны туралы ақпаратты ұсынады, тоқсан сайын келесі айдың 10-күніне дейін субсидиялар төлеу, әлеуметтік маңызы бар тамақ өнімдеріне әсер ететін заңнамадағы өзгерістер туралы ақпарат ұсынады.

14. Шығыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустріялық-инновациялық даму басқармасы апта сайын Шығыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы мен мамандандырылған ұйымға бағалар, өңірдегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалар индексі, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың бағалары туралы жедел ақпарат жібереді.

15. Шығыс Қазақстан облысының қалалары мен аудандарының әкімдіктері апта сайын Шығыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық даму басқармасына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының көтерме бағада сатушы/дистрибьютор тұрғысынан көтерме бағаның деңгейі туралы ақпарат береді.

16. Шығыс Қазақстан облысының қалалары мен аудандарының әкімдіктері меморандумдар жасау арқылы сауда объектілеріне тауарлық араласу кезеңінде тұрақтандыру қорының өнімдерін сатуды қамтамасыз етеді.

17. Мамандандырылған ұйым тұрақтандыру қорының өнімдерін өз нұктелерінде және меморандумдар жасалған сауда орындарында сатуды қамтамасыз етеді.

18. Шығыс Қазақстан облысының қалалары мен аудандарының әкімдіктері қоғамдық бірлестіктермен, Шығыс Қазақстан облысының кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, бөлшек сауда орындарындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру бөлігінде қарыз шарттар талаптарының сақталуын бақылайды.

2-тарау. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру бойынша тетіктерді іске асыру тәртібі

19. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының нарығын тұрақтандыру мақсатында жергілікті атқарушы орган әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандырудың:

- 1) тұрақтандыру қорларының қызметі;
- 2) кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тетіктерін іске асырады.

19-1. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары бөлестін, оның ішінде бұдан бұрын азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға бөлінген қаражат әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қаржыландыру козі болып табылады.

Ескерту. Қағидалар 19-1-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-2. Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру шеңберінде көкөніс өнімдерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді, сондай-ақ қарақұмық жармасын (дәні), тазартылған (домалақ дәнді) күрішті, күнбағыс майын, бірінші сортты бидай ұнын және ақ қантты – құмшекерді өндіру үшін өндіруші кәсіпорындарды қаржыландыру форвардтық шарттың жалпы сомасының 70 (жетпіс) пайызынан аспайтын мөлшерде алдын ала төлем және өнім жеткізілгеннен кейін түпкілікті есеп айырысу шарттарында жүзеге асырылады.

Көкөніс өнімдерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді және қарақұмық жармасын (дәні), тазартылған (домалақ дәнді) күрішті, күнбағыс майын, бірінші сортты бидай ұнын және ақ қантты – құмшекерді өндіру үшін өндіруші кәсіпорындарын қаржыландыру форвардтық шарттың жалпы сомасының 70 (жетпіс) пайызынан аспайтын мөлшерде алдын ала төлем және өнім жеткізілгеннен кейін түпкілікті есеп айырысу шарттарында жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалар 19-2-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 10.02.2025 № 31 қаулыларымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

19-3. Форвардтық шарттар шеңберінде сатып алынатын көкөніс өнімінің көлемі Комиссия шешіміне сәйкес өнірлік сұраныс негізінде облыс (қалалық немесе жалпы) халқының үш айлық қажеттілігінің 50 пайызына дейін қалыптастырылады.

Ескерту. Қағидалар 19-3-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-4. Мамандандырылған үйым ауылшартауарынөндірушілерді форвардтық шарттар шенберінде:

2023 жылғы 10 қаңтарға дейін 2023 жылы ерте шығатын көкөніс өнімдерін өндіру және 2023 жылдың көктемгі-жазғы кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

2023 жылғы 1 ақпанға дейін 2023 жылғы күзгі түсімнің көкөніс өнімдерін өндіру және 2024 жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

2023 жылғы 1 тамызға дейін 2024 жылы ерте шығатын көкөніс өнімдерін өндіру және 2024 жылдың көктемгі-жазғы кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін 2024 жылғы күзгі түсімнің көкөніс өнімдерін өндіру және 2025 жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін қаржыландыруды жүзеге асырады.

2024 жылдан бастап және одан кейінгі жылдары ауылшартауарынөндірушілерді көкөніс өнімдерін өндіру үшін қаржыландыру мынадай мерзімдерде жүзеге асырылады :

ағымдағы қаржы жылышың 1 тамызына дейін келесі жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

ағымдағы қаржы жылышың 1 қыркүйегіне дейін келесі жылдың көктемгі-жазғы кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін.

Ескерту. Қағидалар 19-4-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-5. Мамандандырылған үйым көкөніс өнімдерін сатуды бастағанға дейін ауылшартауарынөндірушілерде немесе басқа қоймаларда сактауды жүзеге асырады. Сақтау шығындарын есептеу жергілікті атқарушы органдардың өнірдегі сактаудың үқсас түрлеріндегі сақтаудың орташа құны туралы деректері негізінде жүргізіледі.

Ескерту. Қағидалар 19-5-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-6. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру шенберінде көкөніс өнімдерін жеткізу мамандандырылған үйым облыстың жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп маусымаралық кезеңде (қысқы-көктемгі кезең: ақпан, наурыз, сәуір; көктемгі-жазғы кезең: мамыр, маусым, шілде) қалыптастыратын график негізінде не ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету қажет болған жағдайда басқа кезеңдерде жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалар 19-6-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-7. Мамандандырылған ұйымдар облыстардың жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп форвардтық шарт жасалған сәттен бастап көкөніс өнімдерін өндіру циклінің барлық кезеңдерінде егістікке бара отырып, ауылшартауарын өндірушілердің қызметіне мониторингті жүзеге асырады.

Ескерту. Қағидалар 19-7-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-8. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктері шеңберінде сатып алынатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18 және 19-баптарына сәйкес сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Ескерту. Қағидалар 19-8-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-параграф. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорлары қызметінің тәртібі

20. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорларының қызметі өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

21. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі тетікті іске асыру мақсатында Комиссия сұраныс пен ұсыныстың өнірлік балансының (өндіріс көлемі, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың болуы), егіс аландары (жоспарлы), егіннің болжамды шығымы, өткен күнтізбелік жыл ішінде қалыптасқан бағалар туралы мәліметтердің, сондай-ақ өзге де мәліметтер негізінде азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін, сондай-ақ шекті сауда үстемесін айқындайды.

21-1. Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру кезінде бюджеттік қаражаттың 70 (жетпіс) пайызы форвардтық шарттар шеңберінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өндеу кәсіпорындарына бағытталады.

Ескерту. Қағидалар 21-1-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 10.02.2025 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

22. Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алуға қажетті әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 166-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32474 болып тіркелген) бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары тізбесінен қалыптастырылады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 10.02.2025 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

23. Мамандандырылған үйым өткізетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесі Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы "Мемлекеттік статистика туралы" Заңы 19-бабының 1-тармағына сәйкес, Статистикалық жұмыстар жоспарына сай Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік статистика органдары қалыптастыратын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының ресми нарықтық мәндерінен 10 немесе одан да көп пайызға төмен бағаларды ұстап тұру ескеріле отырып қалыптастырылады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 17.08.2020 № 285 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24. Комиссия облыс әкіміне сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін бекіту туралы ұсынымдар енгізеді.

25. Облыстың жергілікті атқарушы органы Комиссияның ұсынымдары негізінде сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және шекті сауда үстемесін бекітеді.

25-1. Ауыл шаруашылығы басқармасы азық-түлік тауарларының аймақтық тұрақтандыру қорында сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізімін және шекті саудалық жәрдемақы мөлшерін бекіту туралы шешімді тіркеуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. Қағидалар 25-1 тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 17.08.2020 № 285 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Өнірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру кезінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу тікелей өндірушілерден, оның ішінде форвардтық шарттар мен офтейк-келісімшарттар жасасу арқылы жүзеге асырылады. Егер өндіруші өнімді өткізуді тікелей жүзеге асырмаса, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу азық-түлік тауарларын өткізуге маманданған көтерме сауда жеткізушілерінен (дистрибутерлерден) жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27. Өнірлік тұрақтандыру қорларына сатып алынатын азық-түлік тауарлары "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының

Заңына сәйкес тамақ өнімдерін сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде оның қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

28. Мамандандырылған ұйым статистикалық деректер және басқа да көздер негізінде өнірдің азық-түлік тауарларының ішкі нарығына және агроенеркәсіптік кешен өнімдерінің нарықтарына тұрақты негізде талдау (өндіріс көлемі және азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың, бағалардың болуы) жүргізеді, өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының көлемін айқындауды және сатып алу интервенциялары туралы шешімді қабылдайды.

28-1. Мамандандырылған ұйымның сатып алу интервенциялары туралы шешімі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру тетіктерін тімді және уақтылы қолдануды қамтамасыз ету мақсатында қабылданады.

Ескерту. Қағидалар 28-1-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

29. Өнірлік тұрақтандыру қорын пайдалануды тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларын жаңарту жолымен мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

30. Мамандандырылған ұйым аграрлық азық-түлік нарығына реттеушілік ықпал ету қажет баға деңгейінің көтерілуі жағдайында, 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей, тауар интервенцияларын жүргізу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 17.08.2020 № 285 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31. Мамандандырылған ұйым өнірлік тұрақтандыру қорын уақтылы жаңарту мақсатында тұрақты негізде өнірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларының сақталу мерзімдерін қамтамасыз етеді.

32. Өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін өнірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу немесе кейін дәл сондай көлемдегі жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылғы жаңа шығымнан азық-түлік тауарларын жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін азық түлік тауарларын қайтару жолымен жүзеге асырылады.

33. Өнірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын тауар интервенциялары, азық-түлік тауарларын жаңарту үшін мамандандырылған ұйымдар өздердерінің өткізу нүктелері және (немесе) азық-түлік тауарларын өткізетін сауда объектілері арқылы, сондай-ақ өндеу кәсіпорындары шекті сауда үстемесі шегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіру үшін өткізуді жүзеге асырады.

34. Бұл ретте өндеу кәсіпорны өндірген дайын азық-түлік тауарларының бағасы облыстың жергілікті атқарушы органы бекіткен шекті рұқсат етілген бөлшек сауда

бағасынан аспайды және мамандандырылған ұйымның өндеу кәсіпорнымен жасасқан өткізу туралы шартында айтылады.

35. Шығыс Қазақстан облысының қалалары мен аудандарының әкімдіктері мамандандырылған ұйыммен бірлесіп тауар интервенцияларын жүзеге асыратын сауда объектілерінің орналасқан жері, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті атқарушы органның және мамандандырылған ұйымның ресми сайттары арқылы халықтың назарына жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-параграф. Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі

36. Облыстың жергілікті атқарушы органы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында мамандандырылған ұйымдар арқылы кәсіпкерлік субъектілеріне сұраныс пен ұсыныстың өнірлік балансының (өндіріс көлемі, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының айналымы, қорлардың болуы), егіс алаңдары (жоспарлы), егіннің болжамды шығымы, өткен күнтізбелік жыл ішінде қалыптасқан бағалар туралы мәліметтердің, сондай-ақ өзге де мәліметтер негізінде Комиссия айқындастын азық-түлік тауарларының тізбесіне сәйкес қарыз береді. Қарыз беру қарыз шартын жасасу жолымен қайтарымдылық, қамтамасыз етілу және ақылық талаптарының шарттарымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 10.02.2025 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

36-1. Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз берілген кезде бюджет қаражатының 70 (жетпіс) проценті ауылшаруашылық тауар өндірушілер мен қайта өндеу кәсіпорындарын қаржыландыруға жіберіледі.

Ескерту. Қағидалар 36-1-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 10.02.2025 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

37. Бағаларды тұрақтандыру мамандандырылған ұйымның әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген төмендетілген бөлшек/көтерме сауда бағаларын белгілеуі жолымен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 17.08.2020 № 285 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

38. Қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектісін Комиссия айқындауды.

Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру үшін әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында мынадай бірыңғай талаптар (өлшемшарттар) белгіленеді:

- 1) занды тұлға немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеудің болуы;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік субъектісінен алынған құжаттарды қарау күніне салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін міндettі зейнетақы жарналары бойынша берешектің болмауы;
- 3) екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар берген кредиттер (қарыздар) бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы;
- 4) меншік құқығында немесе өзге де занды негізде (жалға алу/өтеусіз пайдалану/сенімгерлік басқару) азық-тұлік тауарларын тиісті сақтауға және азық-тұлік тауарларымен сатып алу, дайындық, тарату операцияларын орындауға арналған қойма үй-жайлары мен арнайы жабдығы бар үй-жайлардан тұратын инфрақұрылымдық сауда-логистикалық кешеннің болуы;
- 5) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысуышылары тізілімінде болмауы;
- 6) мамандандырылған ұйым алдында орындалмаған міндettемелердің, сондай-ақ атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндettемелердің, кәсіпкерлік субъектісінің мүлкіне шектеулер мен ауыртпалықтардың болмауы;
- 7) Осы қағидалардың 40-тармағына сәйкес міндettемелердің орындалуын қамтамасыз етудің болуы.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 10.02.2025 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

39. Комиссия кәсіпкерлік субъектісін және шарттарын айқындағаннан кейін мамандандырылған ұйым кәсіпкерлік субъектісіне қарыз береді.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

40. Кәсіпкерлік субъекті мамандандырылған ұйымның қарызын қайтару бойынша міндettемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Міндettемелердің орындалуы: кепіл, банктік кепілдендіру, сақтандыру шарты, үшінші тұлғалардың кепілдік/кепілгерлігі түрінде қамтамасыз етіледі. Міндettемелердің орындалуын қамтамасыз ету заңнамада көзделген жазбаша нысанда ресімделеді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41. Қарыз беру шарттары мамандандырылған үйым мен кәсіпкерлік субъектісі арасында жасалған қарыз шартында белгіленеді.

41-1. Қарыз шарттарында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында кәсіпкерлік субъектілерінің мамандандырылған үйиммен келісу бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізу графигін қалыптастыру, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын белгіленген бағамен толық көлемде өткізу, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізу фактісін растайтын құжаттарды ұсыну жөніндегі міндеттемелері көзделеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген міндеттемелерді орындау бөлігінде қарыз шарты талаптарының орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы қарыз шартын елеулі түрде бұзу деп танылады.

Ескерту. Қағидалар 41-1-тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 10.02.2025 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

42. Жергілікті атқарушы органдар бөлетін, оның ішінде бұдан бұрын азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға бөлінген қаражат қаржыландыру көзі болып табылады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 17.08.2020 № 285 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

43. Қарыз мерзімі өткен берешекті қайта қаржыландыруға берілмейді.

44. Қарыз тек ұлттық валютада беріледі.

45. Шығыс Қазақстан облысының қалалары мен аудандарының әкімдіктері мамандандырылған үйиммен бірлесе отырып, бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті атқарушы органдың ресми сайттары және мамандандырылған үйым арқылы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын белгіленген бөлшек сауда бағасымен сататын сауда орындары орналасқан жерде халыққа ақпарат жеткізу бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізеді.

46. Алып тасталды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.03.2023 № 60 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінкүнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).